

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасына
ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын (бұдан әрі – Заң жобасы) қарап, Парламентаризм институты мынадай ескертулер мен ұсыныстар береді.

1. Тұжырымдамалық сипаттағы ескертулер

«Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 24-бабының 1-тармағына сәйкес заңдарда тиісті саланы (аясын) реттеудің негізгі мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, құзыреттері мен өкілеттіктері белгіленеді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы **Кәсіпкерлік кодексі**нде (бұдан әрі – Кодекс) міндеттер жазылмаған.

Осыған байланысты жобада осы Кодекстің **міндеттерін** белгілейтін нормаларды қарастыруды ұсынамыз.

Кодексті жаңа 2-1-баппен толықтыру және оны мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«2-1-бап. Кәсіпкерлік кодекстің міндеттері:

1. Әділ және ашық бизнес-ортаны дамытуға жәрдемдесу мақсатында кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін ескере отырып, олардың сенімді құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету.

2. Әкімшілік рәсімдерді оңайлатуды және экономикалық кедергілерді азайтуды қоса алғанда, кәсіпкерліктің белсенді дамуын ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасау және қолдау.

3. Адал бәсекелестікті, нарықтың тұрақтылығын және барлық қатысушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында кәсіпкерлер арасындағы қатынастарды реттеу.

4. Әлеуметтік, еңбек және экологиялық стандарттарды сақтауды қоса алғанда, кәсіпкерлердің қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігіне кепілдік беру.

5. Іскерлік ортадағы әділ және әдепті тәжірибелерді қолдау мақсатында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және жосықсыз бәсекелестікке қарсы күрес.

6. Шағын және орта бизнесті олардың тұрақты дамуын және елдің экономикалық өсуіне қатысуын қамтамасыз ету үшін қолдау.».

2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында да **міндеттер** жазылмаған.

Осыған байланысты Кодекстің 2-1-бабымен толықтырылып, оны мынадай редакцияда жазылу ұсынылады:

«2-1-бап. Осы Заңның міндеттері

Осы Заңның міндеттері:

1. Сауда саласы субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін озбырлықтан, мемлекет тарапынан заңсыз араласудан және кемсітушіліктен, сондай-ақ нарықтың басқа да қатысушыларынан тұрақты қорғауға кепілдік беру.

2. Сауда инфрақұрылымын дамыту және халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті тауарлар мен қызметтердің алуан түрлілігін қамтамасыз ету үшін ынталандырулар жасау.

3. Тиімділігін, бәсекеге қабілеттілігін және әлемдік экономикалық жүйеге кірігуін арттыруға бағытталған сауда саласын жетілдіру.

4. Ішкі және сыртқы нарықтарда қазақстандық өндірушілер үшін кемсітпейтін жағдайларды, жергілікті өнеркәсіпті орнықты дамыту және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту басымдығын қамтамасыз ету.

5. Сауда қызметтері мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету.».».

2014 жылғы 16 мамырдағы **«Рұқсаттар және хабарламалар туралы»** Қазақстан Республикасының Заңында осы Заңның міндеттерін белгілейтін нормалар жазылмаған.

Осыған байланысты Заңды 3-1-бабымен толықтырынып, оны мынадай редакцияда жазыну ұсынылады:

«3-1-бап. Осы Заңның міндеттері

Осы Заңның міндеттері:

1. Рұқсаттарды алу және хабарламаларды жіберу процесінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, түсінікті және қолжетімді ережелер мен рәсімдерді жасау.

2. Бюрократиялық кедергілерді азайту, әкімшілік рәсімдерді жеңілдету және рұқсаттар мен хабарламалар жіберуге кететін уақытты қысқарту.

3. Кәсіпкерлер мен азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, рұқсаттар беру және хабарламаларды қарау кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету.

4. Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, қызметтердің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін рұқсаттар беру және хабарламаларды қарау процестерін жетілдіру.

5. Рұқсаттар беру және хабарламалар жіберу рәсімінде теріс пайдалану мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.».».

2. «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) қатысты

1. Заң жобасының редакциясында 1-баптың 60) тармақшасы **«Қазақстанда шығарылған тауарлар тізілімі»** ұғымын алып тастауды ұсынады, өйткені тиісті норма ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 92-1-бабының жаңа бабында ұсынылған. ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңының 10-бабына сәйкес Кодекс нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы бойынша жоғары күшке ие. Сондай-ақ норманың қайталануына жол берілмейді.

2. Заң жобасының 1-бабының 62) тармақшасынан «тіркелген» деген сөзді алып тастау ұсынылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес заңды тұлғалар мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құрылған болып есептеледі. Сондықтан бұл сөз артық.

3. 6-баптан 14-7) тармақшаны алып тастау ұсынылады, өйткені, біздің ойымызша, Қазақстанда шығарылған тауарлар тізілімін енгізу жөніндегі құзыретті қолданыстағы Заңның 1-бабында (26) т.т.) айқындалған уәкілетті орган жүзеге асыруы тиіс. Бұл өзгеріс Қазақстан Республикасының Үкіметі мен уәкілетті мемлекеттік орган арасындағы функционалдық міндеттердің қайталануын жоюға бағытталған.

6-баптың 14-7) тармақшасын 7-11) жаңа тармақша ретінде заң жобасының 7-бабына енгізу ұсынылады, ол уәкілетті органның мынадай құзыретін айқындайтын болады: «Қазақстанда шығарылған тауарлар тізілімін жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды айқындайды». Бұл тармақ аталған тізілімді жүргізу үшін жауапкершілікті тікелей уәкілетті органға қайта бөлуді көздейді, бұл деректерді басқарудың тиімділігін арттырады.

4. Редакциялық нақтылау мақсатында 7-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) мониторингті Қазақстанда шығарылған тауарлар тізілімінен алынған ақпарат арқылы жүзеге асырады;»

5. Заң жобасының 7-6 және 8-баптарына редакциялық нақтылау түзетулері.

Заң жобасының 7-6-бабының 2, 3-тармақтарында және 8-бабының 6-1) тармақшасында **«тізілім арқылы»** деген сөздер **«тізілімге»** деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 9-1-баптың 5-тармағындағы **«мемлекеттік»** деген сөз алып тасталсын.

2. «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қатысты

Редакциялық түзету

жобасының 9-бабының 38-1) тармақшасындағы **«тізілім арқылы»** деген сөздер **«тізілімге»** деген сөздермен ауыстырылсын.